

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ДОКТОР ФИЙОН: "Тәтті тоқаш" – жұмыспен қамтылған адамдарды әлеуметтік қорғау жүйелеріне өз бетінше тіркеліп, жарналар төлеуге ынталандыру. Ол үшін не істеуіміз керек?»

Біз Алматыда өткен "Міндетті жинақтаушы және аралас зейнетақы жүйелерін дамыту келешегі" атты жоғары деңгейдегі халықаралық дөңгелек үстелінің қонақтарымен болған ең қызықты сұхбаттарды жариялауды жалғастырамыз. Аталмыш іс-шараға жетекші шетелдік және қазақстандық сарапшылар қатысты. Бұл жолы сіз Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (Швейцария) аға жоба менеджері, доктор Гийом Фийонның зейнетақы жүйелерін дамытуға қатысты өзекті сауалдарға берген жауаптарымен таныса аласыз. Ол жұмыспен қамтудың жаңа форматтары бойынша еңбек етіп жүрген азаматтарды зейнетақы жүйесіне тарту және осы үрдісте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жолдары туралы әңгімелейді.

Сұхбатты БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан тамашалаңыздар.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерінің қаржылық тұрақтылығы мәселелері және оларды шешу жолдары, жұмыспен қамту форматтарының өзгеруі, адамға туғаннан қайтыс болғанға дейін әлеуметтік қорғауды ұсыну және тағы басқалар туралы Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (ХӘҚҚ) президенті Мохаммед Азман айтқан болатын.

<https://www.youtube.com/watch?v=MB3ovYQnpOo>

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты да пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).